

3. Венгер А.Л. Особенности психического развития детей 6-7 летнего возраста. //Вопросы психологии. 1994. – № 7. С.32- 39.
4. Немов Р.С. Психология. – М: 1995. С. 89-93.

*Abstract*

*In this article the types of wrong education and their negative influence are examined on a child.*

**ТҰЛҒАНЫ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ТӘРБИЕЛЕУ АРҚЫЛЫ  
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН  
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ТАРИХИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОЛДАРЫ**

**Алгартова Г.М., Кемалова Г.Б.**

*Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты*

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына қарай жас ұрпақты тәрбиелеу міндеттері өзгеріп, қоғамдық өмірге дайындау мәселелеріне жаңа талаптар туып отырады. Елбасының биылғы жолдауында және Еуразия ұлттық университеті студенттері мен бүкіл қазақстандық жастарға арнаған «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасы» атты дәрісінде жаһандану дәуіріндегі бәсекелестіктің басты көрсеткіштері ретінде білім беру деңгейі мен адами капиталдың дамуын атап көрсетті [1]. Көкжиегімізде көрініп тұрған жарқын болашағымызға жету жолдарының нышандары бүгінгі қоғам тіршілігінің әртүрлі салаларынан көрініс табууда. Солардың бірі – әлеуметтік орны мен атқарар қызметінің салмағы жағынан ерекше болып табылатын білім беру жүйесі. Олай дейтініміз бұл саладағы әрекет қоғамның бір жеке мүшесінің тағдырына қатысты емес, еліміздің ертеңгі күнгі әлеуметтік күйіне, тұрмыс деңгейіне, өркениеттілігіне әсер ететін кешенділігімен сипатталады. Сондықтан білім беру саласында қоғамның әрбір мүшесінің назарынан тыс қалмайтын мәселелер төңірегінде түбегейлі өзгерістер жасалуда. Қазіргі уақытта руханилық пен адамгершілікке негізделген, демократия мен гуманизм ұстанымдарына сәйкес, білім беру мен тәрбиелеудің жаңа құндылықтарын ретке келтірудің жолдары іздестіріліп, әлемдік білім кеңістігіне енудің қазақстандық үлгісін жасау жүзеге асырылуда. Жеке тұлғаның бейнелеу өнеріне бейімі, көркемдік талғамының қалыптасуы және ондағы мұғалімнің орны туралы құнды пікірлерді қазақтың көрнекті ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, еңбектерінде қарастырылған. Бейнелеу өнерінің көркемдік талғамы интеграциялық мәселелердің дамытылуы К.Б.Бержанов, Р.Г.Лемберг, А.И.Сембаев және т.б. еңбектерімен тығыз байланысты болды[2].

Осыған байланысты интеграциялық тәрбие беруде живопись, музыка, сәндік-қолданбалы өнердің теориялық мәселелерін қарастырумен шектеліп қана қоюға болмайды. Өйткені, интеграциялық тәрбие - өнермен айналысу, оқушылардың қабілеттері мен мүдделеріне сәйкес келетін көлемдердегі шығармашылық әрекет. Көркемдік фактілер мен құбылыстарды тек қана эстетикалық цикл пәндерін зерттеу үрдісінде ғана игеру мен сезіну жеткілікті болмайтындығы баршаға мәлім. Оқушылардың көркемдік-шығармашылық қабілеттерін дамыту тек өнер түрлерінің тарихы жөніндегі білімдері, көркемдік фактілер мен құбылыстарды игерумен қатар шынайылықты сөз арқылы, көру-көрнекілік және дыбыстық бейнелеудің көмегімен ұсыну біліктілігі мен дағдылары қалыптасқан жағдайда ғана мүмкін болады. Интеграциялық тәрбиенің диалектикалық аспектілерін қарастыра келе, әрекет кез-келген өнердің негізгі техникалық және көркемдік ерекшеліктерін білу, эстетикалық цикл пәндерін оқытудың мақсаты әрекеттің теориямен байланысы негізінде ғана жүзеге асады деп тұжырымдай аламыз.

Қоғамдық өмірдің барлық саласының жаппай демократиялануы, басқа алыс жақын шет елдермен байланыс нәтижесінде жаңа мазмұнын жасап, оқу-тәрбие үрдісін жаңаша

ұйымдастырудың жолдарын іздеуге ынталандырды. Білім беру жүйесінде бұрын-соңды болмаған академиялық еркіндіктер педагогикалық ұжымдар мен студенттерді бұғаудан босатып шығармашылыққа жол ашты. Педагогикалық жаңашылдықтың кезеңі басталып, жаңа типтегі мектептер, оқу орындары, жаңа бағдарламалар, балама, мемлекеттік емес оқу орындары дүниеге келді. Бұл бастамалар «зайырлы білім» деген ұғымды жаңаша түсіндіруді қалыптастырды. Сонымен бірге мұндай ахуал отбасылар мен ондағы балалардың әлеуметтік жағдайларына байланысты бөлінуі, жаңа типтегі мектептерге оқушыларды селекциялық жолмен қабылдау, керісінше жалпы білім беретін мектептерден оқушылардың кетуі сияқты келеңсіздіктерді де туғызады[3].

Интеграция мен жаһандану қатар жүріп жатқан заманның талабына сай әлемдік өндірісі мен экономикасы өркендеген елдердің барлығы дерлік көшіп алған 12 жылдық мектепке өтудің негізгі мақсаттары: оқушылардың әлеуметтік жағынан қорғалуын қамтамасыз ету; білімнің сапасын арттыру арқылы құзырлылықтарын қалыптастыру; әлемдік білім кеңістігіне ену. Ал басты басымдылықтар ретінде мына төмендегі мәселелер алынады:

- білім мазмұнының тұлғаға бағытталуы;
- білімді ізгілендіру және гуманитаризациялау;
- әдіснамалық құраманың іргелілігін қамтамасыз ету;
- оқу жүктемесінің көлемін оңтайландыру;
- оқушылардың денсаулығын сақтаудағы басымдылықтар.

Интеграциялық тәрбие көптеген құралдармен жүзеге асырылады. Бұл адам өмірінің тұрмыстық ортасында (тұрмыс интеграциясы), оның еңбек әрекетінің жағдайы (өндірістік интеграция), адамгершілік қатынастардың сонымен қатар әр түрлі мамандықтың интеграциясы жағы және т.с.с. Тұлғаға мақсатты түрдегі интеграциялық ықпал етудің аса маңызды факторы өнер болып табылады, себебі онда интеграциялық қатынас жинақталады және материяланады. Өнер қоғамдық сананың нысандарының бірі, эстетика, әлемді игерудің жоғарғы түрі болып табылады. Оның ғасырлар бойы қашалған көркемдік туындыларды жасау заңдары мен үнемі толықтырылып отыратын технологиясы және терминологиясы жеткілікті. Бұл жерде білімдерді беру мен игеру, кез келген әлеуметтік тәжірибені тану секілді, «объективті, дұрыс, қатаң ғылыми білімдердің негізінде пайда болатын болуы тиіс».

Осылайша қоғамда болып жатқан оң өзгерістер, жаңа сападағы адамға деген сұраныспен қалыптасқан жағдайды пайымдап түсіне алатын, өткен жолдарымызға философиялық, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қайта қарап, талдау жасай алатын адам тәрбиелеу мен білім беруге қатысты құндылықтар мен ұғымдарды қалыптасқан жағдай тұрғысынан қайта қарастыра білетін студенттен шығармашылықты, жаңаша педагогикалық ойлауды талап етеді.

Мемлекеттік деңгейде іске асырылып жатқан бұл шаралар қазіргідей қозғалмалы, үнемі өзгеріске ұшырап отыратын қоғамда өмір сүруге дайын, ойлау стилі өзгерген, бастамашыл, сыни көзқарасы дамыған, рефлексияға қабілетті, жаңалыққа ашық, өзін-өзі іске қосуға талпына білетін, еркін ойлай алатын, шығармашыл тұлғаларды қалыптастыруға бағытталып отыр.

Біздің қоғамның объективті қажеттілігінен педагогика ғылымы өскелең ұрпақты жаңа бағытта тәрбиелеуге, жеке тұлғаның жаңа, үйлесімді дамыған адамға қажетті қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөліп келеді. Қазіргі әлемде адамның бағыты, төңірегіндегілерге қатынасы өте маңызды. Сол себептен педагогика ғылымы алдыңғы қатарға тұлғаның белсенділік секілді қасиетін қалыптастыруды қояды. Бұл қасиет адамды қоршаған әлемге жайбарақат сырттай қараушыдан қазіргі қоғамның талаптарын барынша толық қанағаттандыратын тұлғаға айналдырады.

Қоршаған әлемге белсенді қатынаспен қарау үшін адамдағы эмоционалды және рационалды бастаулардың тепе-теңдігі болуы маңызды, өйткені ол сезім мен ақыл арасындағы өзара байланысты орнатады. Бұл бірлік интеграциялық тәрбиеде барынша толық көлемде көрініс табады.

Эстетиканың табиғаттағы, материалдық қызметтегі, рухани өмірдің түрлі саласындағы, тұрмыстағы, демалыс саласындағы көрініс табуын жалпылайтын және түсініктік аппараты бар ғылым ретіндегі эстетиканың құрылымы күрделене түсті және оның құрамына салыстырмалы түрде дербес пәндер кіреді: көркемдік шығармашылық теориясы, заттық орта дизайны мен оны игеру теориясы; эстетикалық тәрбие беру теориясы. Дегенмен, олардың пәндерінің өзіндік ерекшеліктерінен ортақ заңдылықтар байқалады эстетика тұтас ғылым ретінде оларды біріктіреді, сондай-ақ салыстырмалы түрде дербес эстетикалық пәндердің кез келгенінің метатеориясы болып табылады. Эстетика зерттейтін негізгі мәселелердің шеңберіне эстетикалық түйсіну, сезімдер, талғамдар, көзқарастар, идеал, шынайы әрекеттегі және теориялық көріністегі эстетикалық сана кіреді. Терең дәстүрлі эстетиканың аса маңызды бөлімі болып категориялық аппаратты зерттеуге болады. Эстетика категорияларында адамның шынайылыққа эстетикалық қатынастары ашылып көрсетіледі және барынша жалпыланған түрде көрінеді.

Біріншіден, жаңа нәрсе барлық кезде өзекті мәселелерді шешу құралы болып табылмайды. Шындығында, мұғалімдер мектеп атқаруы тиіс мәселелерді зерделемей, кейде оны бір жақты қарастырады.

Екіншіден, әрбір жаңа құрал толық бір нақты жағдайларда туындап, белгілі бір педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталады. Алайда, көптеген ұстаздар құралдарды таңдау кезінде нақты жағдайға талдау жасауды басшылыққа алмастан, өздеріне ұнайтын нәрселерге ғана назар аударады.

Үшіншіден, ғалымдар жаңа бір нәрсені пайдаланушылардың санының ұлғаюы, оны меңгерудегі жаңа тәжірибенің пайда болуы жаңалықтың нәтижелі болатын жағдайларын қайта түсетіндігін бұрыннан байқаған. Сондықтан біздер өзгермелі жағдайда жаңа құралдарды пайдалану дұрыс нәтиже беретіндігіне деген ішкі сенімділігі болған жағдайдың өзінде, ұстаздар, дәрігерлер, психологтар, әлеуметтанушылар тарапынан бақыланбайтын эксперимент бақылау жүргізу қажет деп есептедік.

Сонымен жаңарған қоғамдағы білімнің мақсаттары не деген сұраққа оқыту барысында өз бетінше мәселелерді шешуге қажетті қабілеттерді, тұлғаның әлі де «жасырын» жатқан мүмкіндіктерін аша түсу қажет деген тұжырым жасауға болады. Ал бұл мақсатқа дидактиканың компоненттері; оқыту мазмұны, мақсаты, қағидалары, әдіс-тәсілдері, бағалау жүйесі барлығы қызмет етуі тиіс.

XXI ғасырда айналадағы әлеммен дұрыс қарым-қатынас жасауға әзір адамдарды тәрбиелеу үшін өткен тәжірибені және жаңашылдық үрдістерді тиімді кіріктіре қолдануға тиіспіз. Бұл жағдай жаңалыққа жақын болуды, жүрекпен ойлауды, көзқарастар мен дүниетанымды өзгертуді, өзінді танып, өзінің ішкі мүмкіндіктерінді іске қосудың тетіктерін білудің маңыздылығын арттырады[4].

Айтылған мақсаттарды жүзеге асыру жоғары оқу орнында ерекше. Ол адамзатты, бүкіл қоғамды қайта өрлету құралы. Белгілі философ Н.И.Пирогов кезінде «мектеп қоғамның қызы» деп атаған болса, жаңа жағдайдағы оның шығармашыл, белсенді азаматтарды қалыптастыратын, әрі қарай дамытатын жасампаздық роліне сәйкес «қоғамның анасы» болу мәртебесіне лайық деп есептейміз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы //Егемен Қазақстан. № 2 наурыз 2006ж.
2. Табылдиев. Тәрбие өрнектері. Алматы. Мектеп. 1989.
3. Пономарев Я.А. Психология творчества и педагогика. –М.: Педагогика. 1976.
4. Библер В.С. Мышление и творчество. –М.: Политическая литература, 1975.

#### *Аннотация*

*В современном обществе в воспитательной системе интеграционного процесса из-за объективных причин в педагогической сфере возникает необходимость воспитывать подрастающее поколение в современном направлении, уделять внимание формированию всесторонне развитой личности.*